

Қарғабәева С.Т.,  
Ерманкулова Р.И.,  
Мырзахметов М.

**Қазақстанда мемлекеттік  
басқаруды орталықсызданды-  
рудың қаржылық негізі ретінде  
бюджетаралық қатынастарды  
реформалау**

Kargabaeva S.T.,  
Yermankulova R.I.,  
Mirzakhmetov M.

**The reform of intergovernmental  
relations on the basis of financial  
decentralization of public  
administration in Kazakhstan**

Қарғабәева С.Т.,  
Ерманкулова Р.И.,  
Мырзахметов М.

**Реформирование  
межбюджетных отношений на  
основе финансов децентрали-  
зации государственного  
управления в Казахстане**

Бұл мақалада авторлар Қазақстанда мемлекеттік басқаруды орталықсыздандырудың қаржылық негізі ретінде бюджетаралық қатынастарды реформалау қарастырылған. Бюджеттік унитаризм жағдайында жергілікті билік органдарының экономикалық мүдделері толығымен мемлекетке бағынынышты. Жергілікті билік органдарының негізгі кіріс көздері мемлекеттік басқару органдары тарапынан бөлінетін бюджетаралық трансферттер болып табылады. Біздің ел үшін бюджеттік унитаризм қағидаларымен қатар, бюджеттік федерализм қағидалары үйлескен түрдегі тұжырымдама қажет. Ол өз кезегінде халыққа бюджеттік қызметтерді ұсынудың сапалық параметрлерін мемлекеттік бақылауды күшейту кезінде бюджеттік орталықсыздандыруды күшейтуге мүмкіндік береді.

Елдің бюджеттік-салықтық құрылымының аралас үлгісін енгізу, жергілікті қаржылар жүйесінің дамуына, бюджеттік реттеудің артуына, бюджетаралық қатынастар жүйесінің жетілуіне септігін тигізеді, сонымен қатар бір жағынан жергілікті билік органдарының кіріс және шығыс мүмкіндіктерін мемлекеттік реттеу және теңестірудің тиімсіздігінің төмендеуіне жол ашады. Екінші жағынан, орталық билік органдарының реттеуші функциясын күшейту негізінде жергілікті билік органдарының бюджеттік-салықтық дербестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** мемлекет, басқару, орталықсыздандыру, қаржы, бюджетаралық қатынастар, жергілікті бюджет.

In this article the authors considers the reform of intergovernmental fiscal relations on the basis of finance decentralization of public administration in Kazakhstan. In the context of the budget unitary economic interests of the local authorities depend on the state. The sources of income of local authorities are intergovernmental transfers, which are allocated by the state. For our country, along with the principles of Unitarianism necessary concept of fiscal federalism. That, in turn, strengthens state control quality parameters of services to the people and the decentralization of the budget. The introduction of a mixed model of financial and tax structure will enable the development of the local financial system, helps to regulate the budget, improvement of inter-budgetary relations, and on the other hand will reduce the inefficiency of government regulation and equalization of input and output capacity of local authorities. On the other hand, by increasing the regulatory functions of the central government provides fiscal independence of local authorities.

Formation of an effective system of local funds is directly related with the development of an effective system of decentralization of the state budget, and provides sources of income restrictions and costs of powers between levels of the budget.

**Key words:** State management, decentralization, finance, budgetary relations, the local budget.

В данной статье авторами рассматривается реформирование межбюджетных отношений на основе финансов децентрализации государственного управления в Казахстане. В условиях бюджетного унитаризма экономические интересы местных органов власти зависят от государства. Источниками дохода местных органов власти являются межбюджетные трансферты, которые выделяются государством. Для нашего государства наряду с принципами унитаризма необходима концепция бюджетного федерализма. Она в свою очередь усиливает государственный контроль качественных параметров оказания услуг народу и децентрализацию бюджета. Внедрение смешанной модели финансово-налоговой структуры позволит развитию местной финансовой системы, способствует регулированию бюджета, совершенствованию межбюджетных отношений, также, позволит снизить неэффективность государственного регулирования и выравнивания входных и выходных возможностей местных органов власти. С другой стороны, на основе увеличения регулирующих функций централизованной власти обеспечивает бюджетно-налоговую независимость местных властей.

Формирование эффективной системы местных фондов непосредственно связано с развитием эффективной системы децентрализации бюджета страны, и предусматривает ограничения источников дохода и расходов полномочий между уровнями бюджета.

**Ключевые слова:** государство, управление, децентрализация, финансы, бюджетные отношения, местный бюджет.

**ҚАЗАҚСТАНДА  
МЕМЛЕКЕТТІК  
БАСҚАРУДЫ  
ОРТАЛЫҚСЫЗДАНДЫ-  
РУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ  
НЕГІЗІ РЕТІНДЕ  
БЮДЖЕТАРАЛЫҚ  
ҚАТЫНАСТАРДЫ  
РЕФОРМАЛАУ**

Қазақстанда бюджетаралық қатынастарды жетілдіру жүйесі орталық пен аймақтар мүдделерінің балансына жетуге, мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінің аймақтың экономикалық дамуын және жергілікті бюджет түсімдерінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі қызығушылықтарын арттыруға бағытталған болатын. Қазіргі таңдағы бюджет деңгейлері арасындағы кірістер мен шығыстарды бөлістіру жүйесі алдыңғы жүйеге қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие. Республикалық және жергілікті бюджеттер арасында әрбір салық түрінің бөлшектелуінсіз кіріс көздерін айқын бөлістірумен қамтамасыз етілген және оны пайдалану бағыттары да шектелген. Мемлекеттік бюджеттің негізгі параметрлерін ортамерзімді кезеңге болжамдауға көшу жүзеге асырылды, жергілікті атқарушы органдарға заңдық белгіленген шекте қарыз алуды жүзеге асыру құқығы берілді. Жергілікті бюджеттің теңгерімділігі жоғары деңгейдегі бюджеттерден берілетін субвенцияларды бөлу және төмен деңгейдегі бюджеттерден бюджеттік алып қоюларды жүзеге асыру жолымен қол жеткізіліп отыр [1].

Бюджетаралық қатынастар саясаты азаматтарға олардың тұрғылықты орындарына қарамастан Конституция және заңнамамен кепілдендірілген мемлекеттік қызметтер ұсынудың сапасы мен жалпы қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге әкімдердің экономикалық ынтасын күшейту мақсатында бюджетаралық қатынастарды одан әрі жетілдіру шеңберінде бюджетаралық трансферттер жүйесі жетілдіріледі.

Бюджет мемлекеттің оның функцияларын орындауын қамтамасыз ететін, мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі құрал болып табылады. Сондықтан тиімді бюджеттік саясатты ынталандырушы және де өзара қарым қатынастың тұрақтылық және ашықтық қағидаларына негізделген мемлекетке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерін жеткілікті қаржылармен қамтамасыз етуде бюджетаралық қатынастардың үйлесімді үлгісін қалыптастыру қажет. Осыған байланысты республикада әкімшілік-бюджеттік реформаларды табысты жүргізу мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Мемлекеттік функцияларды орындау еңбек және материалдық ресурстарын тиімді пайдалану мен бюджет қаржыларын қолдану ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында максималды түрде халыққа жақындатылған болуы тиіс.

Шығындарды жоспарлау мен жүзеге асыру өкілеттілігінің жеткілікті дәрежеде дербестікке ие болмауы, сонымен бірге аудандық (қалалық) билік деңгейлерінің шешім қабылдауда дербестігінің болмауы тікелей халыққа көрсетілетін қызметтер сапасында да көрініс тауып отыр. Республикадағы басқарудың төменгі деңгейлерінде, мысалы, ауыл, село, кент, қала (аудандық маңызы бар) мемлекеттік басқарудың институттары мен механизмі толық қанды жұмыс істемей тұр. Ауылдық жерлерде 6,6 млн. халық өмір сүріп жатыр, бірақ ауылда билікте белгілі бір вакуумның қалыптасқаны байқалады – жергілікті басқару органдары қалыптаспаған, әкімшілік-территориялық бірлік әкімдері шаруашылық және экономикалық салада шешім қабылдауда дербестікке ие емес [2].

Биліктің бұл деңгейде тиімді мемлекеттік басқаруды қалыптастыруда бірқатар объективті қиыншылықтар туындап отыр, олар қаржылық міндеттерді орындау мүмкіндігінің шектеулігі және әкімшілік қызмет тәжірибесінің жоқтығы.

Бүгінгі күнде республиканың көптеген аудандары бюджеттің кіріс бөлігіне қажетті түсімдерді өз бетінше қамтамасыз етуге мүмкіндіктері жоқ, бұл өз кезегінде ауылдық деңгейде жағдайдың қиындауына алып келіп отыр. Сонымен бірге мемлекеттік қызметті ұсыну тиімділігін арттыру қажеттілігіне байланысты басқарудың бұл деңгейінде мемлекеттік биліктің толыққанды институттарын кезең-кезеңмен қалыптастыру керек, және де оларды жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетінше шешу өкілеттіліктерін беруді қарастыру қажет.

Мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары үшін табыс табу мақсатында коммуналдық меншікке иелік ету мәселесі маңызды болып табылады. Бүгінгі таңда коммуналдық меншікті облыстық, аудандық және ауылдық деп бөлу заңнамасы қарастырылмаған, өз кезегінде меншік бюджет сияқты мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің негізгі қызметі болып табылады.

Жергілікті орындарда мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру тиімділігі әлеуметтік инфрақұрылым объектілері бойынша меншіктерді бөлу сипатына байланысты.

«Бюджет жүйесі туралы» заң республикалық және жергілікті бюджеттер арасында, облыстық және аудандық бюджеттер арасында міндеттерді

бөлістіреді. Әрбір салада облыс пен аудан, облыстық маңызы бар қала арасында функцияларды бөлістіру жергілікті ерекшелікті есепке ала отырып жалпы тәсілдерге сүйене отып жүзеге асады. Жаңа бюджет жүйесіне сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын бағдарламалар бөлінген [3].

Бұл қолданыстағы шығындарды және бюджет жүйесінің әртүрлі деңгейлері арасында міндеттерді бөлу өзінің бастапқы қағидасында дұрыс болып табылады және әлемнің көптеген елдерінің тәжірибесімен үйлеседі. Мұндағы аймақтық экономиканың даму кезеңіндегі негізгі қарама-қайшылық – әлеуметтік-экономикалық салада жергілікті басқару органдарының міндеттерінің артуымен оны жүзеге асырудың қаржылық мүмкіндіктері арасындағы алшақтықтың өсуі.

Жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін қалыптастыру «жоғарыдан», яғни шешім қабылдау үрдісі жоғарыдан төмен қарай жүреді. Жергілікті басқару органдары бюджет кірістері мен шығыстарына әсер ете алмайды. Жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстарын Қаржы Министрлігі анықтайды, бақылау сандарын есептей отырып оның негізінде аймақтар үшін субвенциялар мен алып қоюлардың көлемін белгілейді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның бюджет жүйесін реформалауда бірнеше маңызды шешуді қажет ететін мәселелер бар. Олар табыстар мен шығындарды бөлудегі, бюджет деңгейлері арасындағы бюджетаралық трансферттерді бөлудегі тұрақсыздық, басқару деңгейлерінің функцияларын үнемі қарастыру, олардың бюджет ресурстармен қамтамасыз етілмеуі және т.б..

Қазір республикада бір басқару деңгейінен басқа басқару деңгейіне қаржыландырудың өкілеттіктері мен қызметтерін беру мәселесі және бюджетаралық қатынастарды реформалау Концепциясын жасаумен айналысатын арнайы комиссия жұмыс істейді. Соның өзінде қиын мәселеленің бірі болып, төменгі бюджеттерге қаржыларды беру болып табылады.

Бюджетаралық қатынастарды реформалау барысында жергілікті бюджеттердің қаржылық негіздерін нығайту бойынша шаралар жүргізу қажет. Тиісінше, жергілікті деңгейлердің салықтық әлеуетін анықтау арқылы, реттеуші салықтардың нормативтерін әрбір аймақтың салықтық әлеуетін ескере отырып дифференциалды тағайындау қажет. Ел аумағында салық әлеуетін таратудың, бюджеттік жүйе деңгейлері бойынша кірістерді таратудың аймақтық аспектілеріне аймақтық деңгейде бюджетаралық ағындарды талдауға әсері зор [4].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бюджеттік жүйенің барлық деңгейлерінің ұзақ мерзімді теңгерілуін және дербестігін жоғарғы бюджеттерден субсидия, субвенция, трансферттер және қаражат бөлудің басқа формаларын бөлу көмегімен төменгі деңгейдегі бюджеттерге қаржылық көмек көрсету негізінде емес, ең бірінші салықтық бөлулер әдістерімен қамтамасыз ету қажет. Дегенмен, Қазақстан Республикасында салықтарды және кірістердің басқа түрлерін бюджеттер арасында таратудың нақты жүйесі жоқ.

Қазіргі бюджеттік мәселелерді шешу және деңгейаралық бюджеттік қаржылық ағындарды оңтайландыру үшін бюджеттік жүйенің барлық деңгейлеріне салықтарды бөлу немесе салықтарды бекіту жүйесін жетілдіру қажет.

Деңгейаралық бюджеттік қаржылық ағындарды оңтайландыру кезінде бюджет жүйесінің қандай да бір деңгейін жетілдіруге басым күш жұмсау өте қауіпті. Бюджеттік нормалар және ережелер, тек қандай да бір белгілі билік деңгейінің мүддесін көздемей, жалпы бюджеттік жүйе алдында тұрған мәселелерді шешу қажеттілігінен шығуы қажет. Бюджетаралық қатынасты реформалаудың негізгі бағыты – мұнда бюджеттік жүйе деңгейлері бойынша таратылатын бюджеттік қаражаттардың тұрақты сандық қатынасын анықтау реті емес, жедел өзгеретін әлеуметтік-экономикалық жағдай-шарттарында, бюджеттік жүйе деңгейлері арасында бюджеттік қаражаттарды тарату механизмін және бюджетаралық қатынастарды ұйымдастыру ретін үнемі жетілдірудің серпінді үрдісінің реті қарастырылады. Бұл тұжырымда деңгейаралық бюджеттік қаржылық ағындардың оңтайландырылуы, ағымдағы және болашақтағы бюджеттік саясаты қалыптастыру кезіндегі бағдар болады. Бұл бір жағынан, берілген үлгінің салыстырмалы тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, елде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайдан тәуелсіз бюджеттік жүйелер деңгейлер арасында бюджеттік қаражаттарды тарату механизміне сәйкестендірілген тұжырымдамалық ережелерді өңдеу қажеттілігін, екінші жағынан қызмет ететін механизмді талдау және оның негізгі жетіспеушіліктерін және оларды жою мақсаттарын айқындау қажеттіліктерін болжамдайды [5].

Қызмет етудегі жетіспеушіліктерді жою және бюджетаралық қатынастарды реформалау мақсатында келесілерді шешу қажет:

– аймақтық бюджеттік жүйелердің қызмет ету тиімділігін жоғарылату, аймақтық қаржыларды сауықтыру;

– қарсы қаржылық ағындарды төмендету;  
– қаржыларды бөлу шарттылығы және оларды аймақтарда пайдалану үшін жауапкершілікті және бақылауды жоғарылату;

– жоғары дотациялық аумақтарға қосымша қаржылық қолдауды қамтамасыз ету;

– мемлекеттік билік субъектілері және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өндірістік және аумақтық салық әлеуетін жоғарылатудағы бюджеттердің теңгерілуін қамтамасыз ету шығындарын оң пайдалануға мүдделікті жоғарылату;

– жергілікті және мемлекеттік бюджеттер арасындағы бюджетаралық қатынастарды өзара байланыстыруды қамтамасыз ету.

Аумақтық бюджеттер мәселелері келесідей жолдармен шешілуі мүмкін:

меншікті кірістерді ұлғайту есебінен, яғни елдің салық жүйесіне шамасы бойынша елеулі, жиналуына қарай нақты және ыңғайлы аумақтық салықтар енгізу;

бюджеттік жүйе үзбелері арасында жалпы мемлекеттік кірістерді тұрақты нормативтік негізде тарату жолымен;

әрбір аумақтық бюджеттің кірістерін және шығыстарын жыл сайын реттеу есебінен;

кірістерді сенімді және тұрақты нормативтік негізде қалыптастыру қажет.

Индустриалды немесе аграрлы бағыттағы аумақтардан табыстарды жаңа меңгеріліп жатқан аумақтарға аудару кезінде әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі әр түрлі облыстар топтар арасында салықтық бөлулердің дифференциациясы болуы керек. Бұл республика экономикасының қаржылық экономикалық теңгерімі болуынан жергілікті орган және мемлекеттік бюджет қатынастарын ғылыми негізді нормативтік базаға ауыстыруға негізделген [6].

Сонымен қатар қазіргі кезде реттеуші салықтар арқылы бюджетаралық қатынастарды реттеудің Қазақстан Республикасындағы қолданылмауы жоғарыда айтылып өткендей жергілікті бюджеттерді жоғары бюджеттерден басым түрде тәуелді етеді. Салықтық түсімдерді «тарату» тәжірибесі (реттеуші салықтардан жыл сайын тағайындалатын нормативтер бойынша) өзінің мүмкіндіктерін толық пайдаланған жоқ. Оны бюджетті реттеу тәсілі ретінде қолдану қажет, ал реттеуші салықтардан бөлу нормативтері арқылы реттеуді бұрынғының көзі ретінде қарастырып, толығымен бас тартуға әлі ерте.

Қазіргі таңда бюджет аралық қатынастарды реформалауда жергілікті қаржылардың тиімді жүйесін қалыптастыру үшін бюджеттік орталысыздандыруды дамыту қажет. Бюджеттік ор-

талықсыздандыруда билік деңгейлері арасында кіріс көздері мен шығыстары бойынша өкілеттіліктердің тиімділігі және негізділігі қарастырылады, сонымен қатар жергілікті билік органдарының қаржылық дербестігін құру өз кезегінде әлеуметтік және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамсыз етеді.

Бюджетті орталықсыздандыру жағдайында жергілікті билік органдарына салық салу базаларын белгілеу, жергілікті салықтар мен алымдар ставкасын анықтау, жергілікті деңгейде экономиканың жекелеген салаларын ынталандыру бойынша салықтық жеңілдіктерді енгізу, шығындар құрылымын анықтау бойынша өкілеттіліктер беріледі.

Бюджетті орталықсыздандыру халықтың қоғамдық қажеттіліктерін әлдеқайда тиімді қанағаттандыруға, оның әл-ауқатының артуына, жергілікті деңгейде экономикалық бағдарламаларды ұтымды қаржыландыру бойынша бюджеттік қаржылардың әкімшілігі ретіндегі жауапкершілігінің артуына мүмкіндік береді, бюджеттік ресурстарды мақсатты пайдалануды қоғамдық бақылаудың күшейуіне жол ашады. Жалпы халықаралық деңгейдегі ғалымдардың пайымдауынша бюджеттік орталықсыздандыру муниципалдық құрылымдардың кіріс әлеуетінің өсуіне мүмкіндік туғызады, сонымен қатар жергілікті деңгейде тұрғындардың әлеуметтік қажеттіліктерін сапалы және негіздемелі қанағаттандыруға жол ашады.

Бюджетті орталықсыздандырудың тиімділігі бюджеттік-салықтық салада жүргізілген реформаның негізінде және уақытында іске асырылуына байланысты болады. Бюджетті орталықсыздандыру территорияның экономикалық әлеуетінің нығаюына, жергілікті деңгейде бюджет қаржыларын қалыптастыру мен шығындалуына жергілікті қаржылық бақылауды құруға мүмкіндік туғызады. Бюджеттік унитаризм жағдайында жергілікті билік органдарының экономикалық мүдделері толығымен мемлекеттік мүдделерге бағындырылған. Жергілікті билік органдарының негізгі табыс көздері мемлекеттік билік органдары тарапынан берілетін бюджетаралық трансферттерден және аздаған мөлшердегі жеке кіріс көздерінен тұрады.

Қазақстанда бюджеттік унитаризм жергілікті бюджеттің мәселелерін шешу үшін ғылыми негіз болып табылады. Елдің унитарлы құрылымы жағдайында бюджеттік федерализм қағидалары жергілікті қаржы жүйесінің кешенді және жүйелі дамуын қамтамсыз етпейді. Бюджеттік федерализм қысқаша мағынасында – бұл бюд-

жет деңгейлері арасында кірістер және шығыстар бойынша өкілеттіліктерді тиімді және негіздемелі бөлістіру болып табылады.

Кең мағынада алған бюджеттік федерализм жалпы елдің және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамсыз ету үшін бюджетаралық трансферттерді, кіріс көздерін, шығыс бойынша өкілеттіліктерді тиімді бөлістіру мақсатында мемлекеттік, аймақтық және жергілікті билік деңгейлері арасында туындайтын экономикалық қатынастардың күрделі жүйесі болып табылады.

Бюджеттік федерализм, біріншіден, жергілікті билік органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті қаржылық ресурстармен қамтамсыз етуге бағыттылады, екіншіден жергілікті деңгейде негіздемелі түрде көлденең және тігінен қаржылық теңестіруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, үшіншіден, бюджеттік үрдістің барлық сатысында мемлекеттік және жергілікті билік органдарының тең құқығын айқындайды.

Бюджеттік федерализм бюджеттік үрдістің барлық кезеңдерін қамтиды, бюджет деңгейлері арасында кіріс көздері мен шығыс бойынша өкілеттіліктерді тиімді және негіздемелі шектеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар жергілікті деңгейде тиімді бюджеттік саясатты жүргізуге, жергілікті бюджет деңгейлері арасында теңестіруші және ынталандырушы қаржылық көмекті ұтымды бөлістіруді қамтамсыз етеді.

Ол тек бюджетаралық қатынастар жүйесімен ғана шектеліп қоймайды, сонымен қатар территориялық бірліктердің әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуге, жергілікті билік органдарының қаржылық дербестігін және тиімді түрде қызмет етуін арттыруға, жергілікті билік органдарын әлеуметтік және инвестициялық қолдаудың тиімді қорларының қалыптасуына бағытталады.

Еуропалық елдерде бюджеттік федерализм мемлекеттің бюджеттік-салықтық құрылымының негізгі үлгісі болып табылады, ол бюджетті орталықсыздандыру үрдісіне тікелей әсер етеді, мемлекеттік және жергілікті билік деңгейлері арасында тиімді қаржылық қатынастарды белгілеуге септігін тигізеді. Бюджеттік федерализм жүйесі арқылы еуропалық елдерде мемлекеттік билік органдары муниципалдық құрылымдардың экономикалық даму тенденциясына тиімді түрде әсер етеді.

Бюджеттік унитаризм жағдайында жергілікті билік органдарының экономикалық мүдделері толығымен мемлекетке бағынынышты. Жергілікті билік органдарының негізгі кіріс көздері мем-

лекеттік басқару органдары тарапынан бөлінетін бюджетаралық трансферттер болып табылады.

Біздің ел үшін бюджеттік унитаризм қағидаларымен қатар, бюджеттік федерализм қағидалары үйлескен түрдегі тұжырымдама қажет. Ол өз кезегінде халыққа бюджеттік қызметтерді ұсынудың сапалық параметрлерін мемлекеттік бақылауды күшейту кезінде бюджеттік орталықсыздандыруды күшейтуге мүмкіндік береді.

Елдің бюджеттік-салықтық құрылымының аралас үлгісін енгізу, жергілікті қаржылар жүйесінің дамуына, бюджеттік реттеудің артуына, бюджетаралық қатынастар жүйесінің жетілуіне септігін тигізеді, сонымен қатар бір жағынан жергілікті билік органдарының кіріс және шығыс мүмкіндіктерін мемлекеттік реттеу және теңестірудің тиімсіздігінің төмендеуіне жол ашады. Екінші жағынан, орталық билік органдарының реттеуші функциясын күшейту негізінде

жергілікті билік органдарының бюджеттік-салықтық дербестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен, Қазақстанда жергілікті қаржылардың тиімді жүйесінің қалыптасуы тікелей еліміздегі бюджеттік орталықсыздандыру жүйесін тиімді дамытумен байланысты, және ол бюджеттің деңгейлері арасында кіріс көздері мен шығыс өкілеттіліктерін шектеуді қарастырады.

Бюджеттік орталықсыздандыру жергілікті деңгейдегі мақсатты-бағдарламаларды бюджетке тиімді енгізуді, әкімшілік-территориялық бірлік деңгейлерінде бюджетті көлденең теңестіру жүйесін дамыту, жергілікті билік органдарының қаржылық-шаруашылық қызметіне мемлекеттік қаржылық бақылауды күшейту арқылы жергілікті деңгейдегі қаржыларды басқаруды бағалау және сапа көрсеткіштер жүйесін енгізуді қамтамасыз етуді көздейді.

#### Әдебиеттер

- 1 С.М. Өмірбаев. Қазақстан Республикасының Бюджет жүйесі: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Астана: «Сарыарқа» ЖҚ, 2007.-488с.
- 2 А. Тулеубекова. Межбюджетные отношения как составная часть бюджетного регулирования. // Финансы Казахстана – 2011
- 3 Д. А. Тілеужанова. Бюджетаралық қатынастарды дамытудағы реттеуші салықтардың жағымсыз және оң тенденциялары. // Экономическая наука в Казахстане: проблемы и пути реформирования: Материалы междунар. научно-практ. конф: сб. науч. тр. – Алматы: Экономика, 2011 – ч.1.
- 4 Д. Тілеужанова. Бюджетаралық қатынастардың тұжырымдамалық негіздерін реттеуші салықтар көмегімен оңтайландыру. // Қаржы – қаражат – 2011 – №4.
- 5 Пашкова С. В Казахстане грядет очередная волна децентрализации власти // Власть. – 2013, 27 марта.
- 6 Нарикбаев М.С., Ударцев С.Ф. Формирование сильного, эффективного, демократического государства и Конституция // Совершенствование законодательства в свете концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года: Материалы международной научно-практической конференции 19 ноября 2010 г. Т.1. – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2010. – С. 48 – 70.

#### References

- 1 S. Omirbaev. The budgetary system of the Republic of Kazakhstan: a textbook for high schools. Astana: “Sary-Arka” wing, 2007. 488s.
- 2 A. Tuleubekova. Regulating taxes, the negative and positive trends in the development of intergovernmental relations. // Economic science in Kazakhstan: problems and reforming part: Material Intern. Scientific and practical. Conference: Sat NAWC. Tr. Almaty: Economics, 2011 – Part 1.
- 3 D. Tileuzhanova. Regulatory taxes, negative and positive trends in the development of inter-budgetary relations. // Economic science in Kazakhstan: problems and ways of reforming: Proceedings Intern. Scient. Conf: Sat. scientific. tr. – Almaty: Economics, 2011 – Part 1.
- 4 D. Tileuzhanova. Optimization of inter-budgetary relations in the conceptual frameworks governing the tax. // Finances – 2011 – 4.
- 5 Pashkov S. Kazakhstan come next wave of decentralization of power // Power. – 2013, March 27.
- 6 Narikbayev MS Udartsev SF Formation of a strong, effective, democratic state and constitution // Improvement of legislation in the light of the concept of legal policy of the Republic of Kazakhstan for the period from 2010 to 2020: Proceedings of the international scientific-practical conference November 19, 2010 V.1. – Astana: SI “Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan”, 2010, – P. 48 – 70.